

Қортабаева Г., Төлеубаева П.

**Ағылшын және түркі  
тілдеріндегі салт-дәстүрдің  
тілдік бейнесі**

Бұл мақалада екі халықтың сан ғасырлық материалды және рухани мәдениет негізінде қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, халықтық дүниетанымы тіл арқылы дәлелденеді. Тілдегі қалыптасқан нақыл-ақыл сөздер, шешендік сөздер, тұрақты тіркестер халықтық менталитет пен ұлттың өзіндік ерекшеліктерін танытатын этнолингвистикалық арналар болып табылады.

**Түйін сөздер:** салт-дәстүр, менталитет, тіл, мәдениет, мақал-мәтелдер.

---

Kortabaeva G., Toleubaeva P.

**The linguistic picture of the  
world : the customs and  
traditions of English and  
Turkish people**

Short review of the history of investigating Turkish proverbs and sayings is made in the article. The analysis of proverbs and sayings that are considered to be a treasure of national wisdom enables to reveal stereotypes connected with role and place of men and women in society.

**Key Words:** custom and tradition, the mentality of language, culture, proverbs, sayings.

---

Қортабаева Г., Төлеубаева П.

**Языковая картина мира:  
обычай и традиции английско-  
го и тюркского народа**

В статье рассматривается проблема мотивации пословиц и поговорок в турецком и английском языках. Анализ пословиц и поговорок, являющихся источником народной мудрости и национальной самобытности (ментальности), дает возможность определить стереотипы, характеризующие место и роль женщин и мужчин в обществе.

**Ключевые слова:** обычай и традиция, менталитет, язык, культура, пословицы-поговорки.

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРДІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Түркі-герман, оның ішінде, ағылшын және түркі тілдерін салғастыра зерттеу кейінгі уақытта ғана қолға алына бастағандықтан, әлі де болса шешімін таппаған талай мәселелер, міндеттер баршылық. Осындай тың, қиын, өзекті мәселелердің бірі – түркі және ағылшын тілдеріндегі салт-дәстүрдің кешенді түрде лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан салғастыра зерттелуі.

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Отандық ғалымдар Ә. Қайдар, М.М. Копыленко, Е.П. Жанпейісов, Ж. Манкеева этнолингвистиканың теориялық мәселелерін қарастырып, мақсат мүддесін, зерттеу нысанын, әдіс-тәсілдерін айқындап берді. «Бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеріп, оның бейне бір тұңғыық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп танып-білу жүйелері түсіп жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың мақсаты» деп түсініктеме береді Ә.Қайдар өзінің «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде [1].

Бұған дейінгі еңбектерді саралап, озық тәжірибелерінен үлгі алу еліміз бен өзге халықтар әдебиеті мен мәдениеті арасындағы байланыстарды нығайтуға, өркендетуге айтарлықтай септігін тигізерін ескерсек, шет тіліндегі, соның ішінде ағылшын тіліндегі біріккен сөздердің сипаты, олардың аударылу жолдары туралы ғылыми зерттеулер зәрулігі мен қажеттілігі анық сезіледі.

Мәдениеті, ділі, діні, ұлттық болмысы алшақ халықтардың қоғамында қалыптасқан мінез-құлық, әдеп, өзін-өзі ұстау жөніндегі ұстанымдары әр түрлі болатындығы мәлім. Бұл орайда ғалымдардың әр түрлі ұлттарда, мәдениеттерде, әр ұрпақта маскулиндік пен феминдікке тән қасиеттер, мінез-құлық, өзін-өзі ұстау нормалары әр түрлі болып келетіні жөніндегі пікірі біздің жоғарыда айтылған ойымызды дәйектей түседі:

«предписания и исполнения, соответствующие мужественности и женственности, могут быть различны для разных поколений, разных этнокультурных и религиозных групп, разных слоев общества» [2:4].

Ағылшындардың сыртқы түр-сипаты мен мінез-құлқында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер бар: ағылшындар өте тұйық, олар өз эмоцияларын ашық көрсеткенді ұнатпайды. Киіммен, өзгеше мәнермен ерекшеленгенді, мақтанғанды жек көреді. Олар өте мәдениетті, әрқашан «Рахмет!», «Айыптымын!», «Кешірім өтінемін!» деген сөздерді айтып жүруден жалықпайды. Көшелерінде шулы дыбыстар, қатты шыққан дауыстар мүлде естілмейді десе болады. Ағылшындар автобус және пойыздарда орынды бірінші болып иемденуге ұмтылмайды, аялдамаларда кезекте тұрады.

Томас Тассердің «Five Hundred points of Good Husbandry. Together with a Book of Huswifery» атты еңбегінде нағыз әйел қандай болуы керектігі жан-жақты сипатталған» [3].

Ағылшын халқының дәстүрлі ұстанымына сәйкес әйел адам үй шаруасымен айналысып, балаларына дұрыс тәрбие беруге көңіл бөлуі тиіс болған. Сонымен қатар үйін таза ұстап, үнемі ері келгенде тамағын дайындап, өз ошағын отбасына жайлы қоныс етуі де ерекше бағаланған. Ғаламның ағылшын тілдік бейнесінде әйелдің ісі ешқашан басталмай-ақ бітпейтін және оның еңбекқорлығы аса маңызды болып саналған:

*A woman's work is never at an end. //Әйелдің ісі ешқашан бітпейді; Man's work is from sun till moon, a woman's work is never done.// Еркектің ісі таң атқаннан күн батқанша, әйелдің ісі ешқашан бітпес; Erkegin isi sabahtan aksama kadar, kadinin isi ise asla bitmez.*

*The woman who likes washing can always find water.//Кір жууды ұнататын әйел қашан болмасын су таба алады. Bir isi yarmak isteyen kadin bir caresini mutlaka bulur.*

Мәселен, Томас Тассердің пайымдауынша, еркектің жары ерте тұрып, күйеуінің тапқанын дұрыс, орнымен ұқсатып, ысырапқа жол бермей, үй-іші қамын ойлап, оны дұрыс ұйымдастыра білуі тиіс болып есептелген. Оны келесі мысалдардан көруге болады:

*Ағыл. A huswife good, betimes will rise, And order things in comely wise қаз. //Жақсы әйел қашан болсын тұрып, жұмысын еппен тындырап; түр. Iyi kadin isini nasil olsa acele atmeden bitirir.*

*Ағыл. Make huswifery daily, at home for to guide // түр. Yemeğin salçalısı kadının kalçalısı;*

*Ағыл Some respite to husband the weather may send, But huswives affair have never an end.// Ауа-райының құбылмалылығы еркекке демалыс болса, Әйелдің ісі бітпес сонда да; түр. Hava durumunun surekli degismesi erkek için tatildir; kadinin isi ise nasil olsa bitmez.*

*Ағыл. Though husbandry seemeth, to bring in the gains, Yet huswifery labours, seem equal in pains // түр. Erkek çalışıp kazanmakla, anne tasarruflu olmakla yükümlüdür.*

Томас Тассердің аталған еңбегінде әйелдің бір күнгі істейтін шаруасы уақыт-уақытымен жазылған. Мысалы, таңертең атқарылатын жұмыстарға (morning works) таңғы астың қамын (breakfast doings) келтірген, сосын түскі асқа дайындық уақыты (dinner matters), одан кейін түстен кейін атқарылар істер (afternoon works) болса, кезекпен кешке атқарылатын істер (evening works) келеді, оған кешкі астың қамы (supper matters) кірген және кешкі астан кейін атқарылар істер (after-supper matters) де бар. ‘After-supper matters’, яғни кешкі астан кейінгі уақытта атқарылар істер қатарына ыдыс аяқты жуу, балалардың киімін ауыстырып төсектеріне жатқызу, үй-іші бойынша барлық ұсақ-түйек жұмысты бітіру кірген және әйел осының бәрін істеп болған соң ғана ұйықтайтын болған.

Ағылшындар үйленуді ерлер тұрғысынан негативті сипаттағанмен, әйелдің ер адамға қажеттігі де айтылады: *Man without a woman is like a ship without a sail.* қаз. *Әйелі жоқ ер адам желкені жоқ кеме сияқты).*

Ал түрік тілдеріндегі  
Bekâr gözü ile kız alınmaz.

*Bekâr gözü kör gözü.*

*Bekâra karı boşamak kolay gelir.*

*Bekârlık maskaralıktır.*

*Bekarın ahmağı akşam, evlinin ahmağı sabah traş olur.*

*Bekârın parasını it yer, yakasını bit.*

*Sacı uzun aklı kısa* [4]. м.б. мақал-мәтелдерінде алып қарайтын болсақ, «ер адам» концептісіне жағымсыз коннотация үстейтін «бойдақ» стереотиптік бейнесі, жоғарыдағы ағылшын паремияларына қайшы мәнде айтылып, екі халықтың ұлттық таным мен санасындағы айырмашылықтарын танытады

Күйеу түркі халқының танымында ер адамның әйелмен оның туысқандарына қатысты туысқандық байланысы. Түркі халықтары күйеу баласын өте ерекше бағалап, қадірлеген. «Қайын жұрттың әр шаңырағы күйеудің сыбағасы деп әрдайым төс сақтайды. Тартылған төсті міндетті түрде табактан күйеудің өзі алып, бөліседі» [5:24].

Жоғарыдағы тіркес қазақтың әдет-ғұрып-ындағы күйеудің «қалыңдықты» көру үшін «ұрын бару» салтымен байланысты пайда болған. Ғалым Халел Арғынбаев бұл атау көне түріктердің «ичип» (урун) деген сөзінен шыққан деп жорамалдайды. Ал тікелей мағынасы түсінісу, бір нәрсенің ішкі сырын жете білу, бір нәрсеге жабыса түсу ұғымымен байланысты болған. Бұл сапарға жігіт үлкендердің батасын алып, жанына бір күйеу жолдас пен бес-алты жігіттен атқосшы ертіп аттанатын болған, этномәдени элементтердің қатысуымен қалыптанған стереотиптік жағдаятты көреміз: *Жігіт жолдасынан белгілі, Сарбаз қол басында белгілі; Күйеу – жолдасымен.*

«Бұл сапарға күйеу де, оның жолдастары да жақсы аттарын мініп, тәуір киімдерін киеді. Күйеу жолдас есебінде жол жүріп ысылған, қолынан да, тілінен де келетін өнерлі жігіт ағасы болып қалған адам жіберіледі. Өйткені тәжірибесіз күйеуді балдыздары, әсіресе адуын жеңгелері иектегіш келеді де, кәденің сан түрін шығарып, момын күйеудің қалтасын жылдам босатады» [5:136-137]. Сондықтан күйеу жолдастың күйеу үшін жасаған қамқорлығына орай айтылған мақал.

Ағылшын халқы әйел затына деген көзқарасын төмендегі мақал-мәтелдер арқылы айшықты етіп жеткізеді:

*A good wife makes a good husband. The good Jill mends the bad Jack. Behind every great man there's a great woman. The wife is the key of the house.*

*A woman's place is in the home* [6].

Жоғарыда келтірілген екі халықтың мақал-мәтелдерінде ортақ көзқарас, яғни «Алған жарың жақсы, тәрбиелі, өнегелі болса, елге сыйың артып, абыройың асқақтай түседі» дегенді білдіреді. Десек те еркектердің әйел затынан бір саты жоғары, биік тұратынын, күші жағынан да мықты, әрі күшті екендігі, отбасында, қоғамда да олардың басымдылығын сипаттайтын мақал-мәтелдер екі халықтың дүниетанымына, ұлттық санасына да тән нәрсе.

Этномәдени құндылықтар жүйесі негізінде түзілген ғұрыптық элемент ұлт танымында белгілі бір ұғымға қатысты ассоциативтік өріс-

ті қалыптастыруға негіздеме жасап, тілдегі тұрақты тіркестер арқылы дәйектеледі.

Ағылшынның жоғарыдағы мақалға үндес келетін паремиясы *'A man is known by the company he keeps'* қаз.: *Жігіт досынан белгілі* үйленуге қадам басқалы жатқан жігітке қатысты айтылған. Үйленетін кезде жігіттің жанында досы болуы керек болған.

Ағылшын тілдік дүние бейнесінде «күйеу» тұлғаралық қатынастар деңгейінде «әйел – ер адам» бинарлық оппозициясындағы ер адамның басымдылығын сипаттайды: *Good husband makes a good wife* қаз.: *Жақсы жігіттің жары өзіне лайық болар.*

Ағылшындар жасы келген ер адамның жас қызға үйленуін теріс деп санап, аса құптамаған. Бұны төмендегі ағылшын паремияларынан анық аңғаруға болады:

*May and December. // Мамыр мен Желтоқсан; Old men when they marry young women make much of death // Жас әйел алған кәрі шалдар өлімінен бұрын өлер;*

*An old man marrying a young girl is like buying a book for someone else to read // Жас қызға үйленетін шал басқа біреумен бөлісіп оқитын кітап алған адамдай;*

Паремиологиялық оралымдардан әр халыққа тән дәстүрлі дүниетаным негізінде ерлер мен әйелдерге ұйғарылған бір ұлтқа тән өзіндік дара қасиеттер, яғни этникалық стереотиптерді көреміз. Мәселен, ағылшындардың әйелді біршама төмендететін паремиялары Христиан дінінен бастау алған стереотиптік көзқарас негізінде әйелді: *жамандықтың бастауы, албасты* ретінде сипаттаған. [7, 120].

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұлар — әйелдер мен ерлерге тән жалпылама әмбебап қасиеттер мен ерекшеліктер. Еркектік пен әйелдік биологиялық туа біткен қасиеттер, дегенмен олар ұлттық дүниетаным, әлеуметтік-мәдени даму нәтижесінде пайда болған салт-дәстүр, ұлттық философиядан бастау алады.

Алайда мәдениеті, ділі, діні, ұлттық болмысы алшақ халықтардың қоғамында қалыптасқан мінез-құлық, әдеп, өзін-өзі ұстау жөніндегі ұстанымдары әр түрлі болып келеді. [8, 42].

#### Әдебиеттер

- 1 Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
- 2 Балгимбаева З.М. Культура и философия гендерных предубеждений. – Алматы, 2007.
- 3 Thomas Tusser, William Mavor. Five Hundred Points of Good Husbandry. Together with a Book of Huswifery. – London, 1812.
- 4 <http://www.frmartuklu.org>
- 5 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, 2005.

- 6 <http://www.rusnauka.com/>Тажикеева А.Ш. Гендерлік зерттеулердің аясы.
- 7 Тажикеева А.Ш. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі гендерлік аспект. – Қарағанды, 2001.
- 8 Мажитаева Ш., Тажикеева А. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің уәжділігі. – Қарағанды университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №2 (62). – 2011.

#### References

- 1 Kaidar A.T. Kazakh tilinin ozekti Maseleleri. – Almaty: Ana tili. – 1998. 2. Balgimbaeva ZM Culture and philosophy of gender bias. – Almaty, 2007
- 3 Thomas Tusser., William Mavor. Five Hundred Points of Good Husbandry. Together with a Book of Huswifery. – London, 1812.
- 4 Argyubaev H. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Almaty, 2005. –
- 5 <http://www.rusnauka.com/> Tazhikeeva A.Ş. Genderlik zertteulerдің ayasy.
- 6 Tazhikeeva A.Ş. Kazakh zhane aғыlshyn tilderindeгі genderlik aspect Karagandy 2001.
- 7 Mazhitaeva Sh Tazhikeeva A. Kazakh tilindeгі maqal-matelдердің uәzhdiligi // Karagandy universitetiнің Habarshysy. FILOLOGIYA seriyasy number 2 (62) / 2011